

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 4 шешімі . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 мамырда № 27866 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 20.09.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 және 50-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Павлодар қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі қалалық комиссиясының кезектен тыс отырысының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 хаттамасы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Павлодар қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Павлодар қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

А. Байханов